

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____ Оралбай А.Ш.

Тақырыбы:



Сыныбы: 4А

Орындаған: Манет Гүлзада

«Мектебім мейірім мекенім»

Мақсаты: Балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- өзара сыйластық қарым — қатынастарын дамыту;
- мейірбандылыққа тәрбиелеу.

Біз бүгінгі тренингімізде адамның жақсы құндылықтарының бірі мейірімділік жайлы әңгімелесеміз. Адамдардың бір — біріне деген мейірімділігі — әдептілік белгісі.

Мейірімділік — адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс - тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат - шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады.

“Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады” (Шәкәрім)

Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылық секілді асыл қасиеттермен үндестік тапқан. Ж. Баласағұн “кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең - мейірімділік көресін” деп, мейірімділікке зор мән берген.

«Мейірімді адам» бойындағы қасиеттерді атар өтсек: жақсы адам, ақкөңіл, жаны таза, шыдамды, рақымшыл, жылы жүректі. Енді осындай адам деп кімді айтар едіңдер?

— Әрине мейірімді жандардың қатарында ең бірінші біздің аналарымыз тұрады екен.

— Адамзат ненің мейіріміне бөленген?

— Күн, табиғат, ана, ұстаз, дәрігер және тағы басқалардың мейіріміне бөленеді. Ендеше мына сұрақтарға жауап беріп көрейікші:

Ойланайық, пікірлесейік

1. Мейірімділік деген не?
2. Сенің ойыңша мейірімді адам қандай болу керек?
3. Өздерің қандай мейірімді іс жасадыңдар?

Үлкендер еркелеткенде қандай күйде боласыңдар?
Жақсы көретін адамдарға қандай тілек айтқың келеді?
Өздеріңе мейірімділік көрсеткен кезде қандай сезімде болдыңдар?
Мейірімділікті қалай көрсетуге болады?

Адамдар бір - біріне жылы сезімін білдіріп, тек жақсылық ойлау,
игілік жасау арқылы мейірімділік таныта алады.

Суреттерге қарап жағдаяттарды шешу.
Нақыл сөздер
«Мейірімділік - жүректен» (Халық даналығы)
“Мейірімділікті анадан үйрен” (Халық даналығы)

Ана халық ұғымында жаратушы. Олай дейтініміз табиғатты да,
адамды да дүниеге әкелуші ана. Табиғаттың қай жаратылысын алып
қарамайық, бәрі де адамдарға мейірімін сыйлайды. Мәпелеп, аялап
бар жақсылығын мейірімін бәріне бірдей көрсетеді. Адамдар да дәл
солай жасауы тиіс. Сондықтан да халық даналары «Мейірімділікті
анадан үйрен» деген.

Мақал - сөздің мәйегі

1. Ата - асқар тау Ана(бауырыңдағы бұлағың)
2. Ұлың өссе, Ұлы (үлгілімен ауылдас бол)
- Қызың өссе (Қызы үлгілімен ауылдас бол.)
- 3 Бала жас шыбық сияқты -(қалай исең солай иіледі).
4. Бала жақсы болса -(қуаныш, жаман болса - қиналыс.)
5. Ерлі - зайыптылар тату болса -(үйге береке, араз болса - елге келеке)
6. Анасы қандай болса -(баласы сондай)
7. Әкеге қарап ұл (өсер, шешеге қарап қыз өсер)

“Мейірімділік” кестесі
Мейірімді істер
Мейірімді адамның қасиеттері
Шығармашылық жұмыс

“Мейірімділік шуағы” тақырыбында ақын, жазушы ретінде өлең, әңгіме жазу, суретші ретінде сурет салу.

«Мейірімділік шуағы» сөзін топтастыру
(Тақтаға оқушылар осы сөздің мағынасын ашатын сөздерді қойып шығады)

Сүйіспеншілік, қамқорлық, жарастық, ынтымақ, бауырмалдық, махаббат, ынтымақ, бірлік достық.

Күлімдеген күн мейірімді!
— Кіршіксіз ақ қар мейірімді!
— Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!
— Аяулы анам мейірімді!
— Қадірлі әкем мейірімді!
— Әлпештеген әжем мейірімді!
— Еркелеткен атам мейірімді!
— Жылы жүзді ұстазым мейірімді!
— Тату — тәтті достарым мейірімді!

Мейірімділік дегеніміз:

Мейірімділік рахметті күтпейтін, өз істерінің бағалауын, аталуын талап етпейтін сезім;

Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілдік, жанашырлық.
Ізгі ниет секілді қасиеттер;

Мейірімділік – адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі;
Мейірімділік - адамдар бір - біріне жылы сезімін білдіріп, тек жақсылық ойлау, игілік жасау арқылы мейірімділік таныта алуы;
Мейірімділік адамның ізгілігін анықтайды;
Мейірімділік махаббат, қайырымдылық, Адалдық секілді ақ жүректен шығады;
«Жылы сезім жүректерде сақталады, Мейірімділік тек жүректен басталады».- деп балаларды жүректен жүрекке шеңберіне шақырады. Балалар шеңбер құрып тұрады. Бір — біріне деген жақсы тілектерін білдіреді. Балалар бәрі қосылып: «Балалардың мейірімді жүрегі, Сіздерге бақыт, шаттық тілейді» — деп қонақтарға өздері жасаған жүрекшелерді ұсынады.

**Тақырыбы: «Білімге
ұмтылу, еңбексүйгіштік және
отаншылдық»**

Сыныбы 4А

Орындаған Манет Гүлзада

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»

Күні: 08.09.2023

Сыныбы: 4А

Сабақтың мақсаты: Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Қазақ халқының дәстүрлі тәлім-тәрбие беру жүйесінде жас кезінен бастап баланы еңбекке, белгілі бір кәсіпке баулыған. Жалқау, еріншек, жатып ішер арамтамақ болма, еңбек ет, ата-анаңа қолқанат бол дегенді баланың санасына құйып отырған. Әрбір жас бала “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей” деген мақал рухында тәрбиеленген. Ал, сіздер қалай ойлайсыздар, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалдың мағынасы қалай, қалай түсіндірер едіңдер? «Бақыттың кілті еңбекте» дегенді қалай түсінесіңдер? (Оқушылар мақалдың мағынасын ашады)

Оқушылар 2 топқа бөлінеді. «Еңбек» және «Туған жер» Оқушыларға екі түрлі тақырыпта мақал-мәтелдер жазылған парақшалар үлестіріледі, әр оқушы соған сәйкес өз тобын анықтап орындарына отырады. Топтарға тапсырмалар беріледі. «Кім көп біледі?» еңбек туралы мақал-мәтелдер жазып, оның мағынасын түсіндіреді. Оқушылар мақал-мәтел жазып жатқанда ата-аналар отбасындағы бала еңбегі туралы айтып береді.

Еңбек туралы мақал-мәтелдер:

Еңбегіне қарай — құрмет,

Жасына қарай — ізет.

Еңбек ер атандырады.

Еңбек ерлікке жеткізер,

Ерлік елдікке жеткізер.

Еңбек еткен — мұратқа жеткен.

Еңбек етпей елге өкпелеме,

Егін екпей жерге өкпелеме.

Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады,

Еріншек ұйқыдан қирап тұрады.

Әлің барда еңбек ет, еңкейгенде емерсің.

Ердің атын еңбек шығарады.

Бақыт кілті еңбекте.

Еңбек ширатады,

Өмір үйретеді.

Маңдайы терлемегеннің

Қазаны қайнамайды.

Еріншектің ертеңі бітпес,

Жеңілтектің селтеңі бітпес.

Еңбек етсең ерінбей,

Сергіту сәті. Ойын: «Кім жылдам?»

Оқушыларға қиықша қағаздар үлестіріледі, «ойын» деген жазуы бар қиықша түскен ата-аналар мен оқушылар ортаға ойынға шығады.

Ойынның шарты: үстел үстінде тұрған ыдыстың ішіндегі жемістерді келесі үстелдегі ыдысқа апарып салу керек. Бұл ойын ұқыптылықты, шапшандықты талап етеді.

Қ.Бердіғалиевтің орындауындағы Ғ.Құрманғалиев пен Н.Байғаниннің «Еңбек туралы термесін» ұнтаспадан тыңдату.

Мынадай сұрақтарға жауап алу:

Балаңыз отбасындағы шаруаларға көмектесе ме?

Балаңызды үй шаруасына жұмсағанда оның жас ерекшелігін, әлінің жетіп-жетпейтінін ескересіз бе?

Жалпы баланы неше жастан бастап еңбекке араластыруға болады?

Қандай шаруалар істейді?

Балаңызды еңбекке қалай жұмсайсыз, қалай араластырасыз?

Баланы сіз жұмсағанда өз еркімен құлшына кірісіп кете ме, әлде зорлап жұмсайсыз ба?

Балаңызға жұмыс тапсырарда «егер де осы жұмысты бітірсең бір нәрсе алып беремін» деп оның еңбегін сатып аласыз ба? т.б.

Оқушыларға берілген тапсырма бойынша олардың қаншалықты мақал-мәтелдер білетіні және мағынасын ашып айтуы тыңдалады

Енді мектептегі еңбек тәрбиесіне тоқталайық. Мектептегі еңбек сабағы, сенбілік жұмыстары туралы айтылады.

Келесі тапсырма «Ситуациялық сұрақтар» Бұл кезде балаларға тапсырмалар беріледі. Алдарына берілген түрлі-түсті қағаздан өз ойлары бойынша шеберліктерін салып әр түрлі нәрселер жасайды

Оқушылар сұрақтарға жауап береді

«Жүректен жүрекке» Оқушылар тақырыпқа қатысты бір-біріне тілек айтады. Тілек тек бүгінгі тақырыпқа сәйкес болуы керек. Мысалы,

- еңбегің жемісті болсын!
- еңбек етсең емерсің деген. Осыны есіңе сақта.
- сүйіп істеген іс шаршатпайды. Сондықтан өзіңе ұнайтын істерің көп болсын.
- , өмірдегі тірегің еңбек болсын.
- , «Еңбек – қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап», - деп ұлы Абай атамыз айтқандай ешқашан жалқау болма.
- еңбек сабағынан 5-тік алуыңа тілектеспін!
- отбасында ата-анаңа көмектесіп қолқанаты бол
- ата-анаңның еңбегін бағалай біл
- еңбектің жемісі маңдай термен келетінін білесің, сондықтан еңбекті құрметте
- еңбектің пайдасы сол, ол қуантады, қуанышты күндерің көп болсын
- еңбек шынықтырады, ширатады дейді, шыныққан, шымыр мықты бол!
- бақытты өмір деген ата-анаңның тапқанын шашу емес, сондықтан үнемшіл бол.

Қорытындылау. Еңбектің пайдасы – тәрбиелейді, жігерлендіреді, күш береді, қуантады, бақытты етеді, өмір сүруге үйретеді, үнемшіл болуға үйретеді, ширатады, шынықтырады. Сондықтан әрқашан «Оқу мен еңбек егіз» деген нақылды есімізден шығармайық.

Тақырыбы «Қауіпсіз интернет»



Сыныбы 4 «А»

Орындаған Манет Гүлзада

Тақырыбы: Қауіпсіз интернет

Сыныбы 4А

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау;

Дамытушылық: Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу.

Тәрбиелік: Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, бір-бірін тыңдай білуге тәрбиелеу;

Интернет бүкіл ғаламдық тор. Ол бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі .

Интернет ұғымы XX ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол - бүкілғаламдық желі - Интернет деп санар едім.

Оның өзі шығу тарихы да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. Бұл мақсатта Лос-Анджелес, Юта және Калифорния штаттарындағы университеттерге және Стэнфорд зерттеу орталығына компьютерлерді бір-бірімен жалғайтын желі жасау тапсырылады. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады.

Содан соң ARPANET дамып-жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды».

Бұл күнде Интернетті тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1,5 млрд адамнан асыпты. Бұл - жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз.

II топқа: Интернеттің пайдасын түсіндіру(постермен жұмыс)

Ол үшін төменде берілген ресурстарды II топ оқушылары пайдалана отырып постермен жұмыстанады.

Интернеттің жеке-дара қожайыны жоқ. Оны ешкім бір жерден басқара да алмайды. Интернетте көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады

- 1.Алысты жақындату
- 2.Қоғамға (адамға) байланысты мүмкіншіліктерді арттыру.
- 3.Сана-сезімді жоғарылату.
- 4.Ізденіс талпынысқа қашықтықтан оқу бағдарламаларына сұранысты арттыру.
- 5.Қажеттілікті толығымен қанағаттандыру.
- 6.Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бәсекелесу.
- 7.Әлемде болып жатқан жаңалықтардан сол сәтте хабардар болу.
- 8.Халықтарға түрлі жолдармен көмек көрсету.
9. Интернет арқылы мәтінді, хабарламаны, құжаттарды, фото, аудио, видео материалдарды

қабылдап алуға не керісінше жіберуге болады;

- 10.Күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын бүкіл әлем жаңалықтарымен танысып отыруға;

- Кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуға;
- Қашықтықтан оқуға, яғни үйде отырып білім алуға;
- Қызмет түрлерін ұсынуға, тауар сатып алуға не сатуға;
- Қаржылық операциялар жасауға;
- «Mail.Ru Агент», «Facebook», «Skype» т.б. арқылы реалды уақытта тіл қатысуға да, бейнебайланыс орнатуға да болады. Бұдан өзге біз біліп-біле бермейтін жаңа көкжиектерін айтып тауысу мүмкін емес... (материалдарды және моральді жағынан болсын).

. Интернеттен көптеген жапа шегеміз деп қол қусырып отыра берсек, оның мүмкіндіктеріне шектеу қойсақ,әрине алға баспаймыз.Керісінше біртіндеп құлдырай береміз.Оданда ондай қиыншылықтармен күресе отырып, алға ұмтылу жолдарын қарастырғанымыз жөн. интернетке кіру үшін компьютерде отыру керек.Компьютерде отыру денсаулыққа зиян.Алдымен денсаулықты сақтауымыз керек деп жатырсыздар.Әрине бұл орынды ол үшін алдымен әр бала компьютерде жұмыс жасап отырғанда техника қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Ережелер талапқа сай орындалса денсаулыққа зиян тимейді. Көзге жаттығулар жасалады, әр 20-25 минут сайын, көзбен компьютердің ара қашықтығы 60-70 см болу керек. Жұмыс кезінде ақ халат кисек, ультра күлгін сәулесін сақталады. Ал көзді сақтау үшін компьютердің

алдына кактус гүлін қою керек. Гүл бойына компьютерден бөлінген сәулені тартып алады. Осы айтылған ережелер орындалса денсаулығымызды сақтай аламыз. Интернеттің пайдасы көп. Интернет арқылы біз басқа қаладағы болсын, басқа елдегі болсын алыстағы достарымызбен сөйлесе аламыз. Мысалға, ұстаздар берген реферат, мәнжазба, солардың бәрін мен интернет арқылы таба аламын. Кітапханаға барып жүрмей мен үйдегі интернеттен іздеймін. Интернеттің пайдасы мен үшін өте зор

Интернет - тиімді байланыс құралы. Көптеген мәліметтер жинақталған. Балама ақпарат көзін табуға болады. Мысалы: үкіметтік емес сайттар мен үкіметтік сайттар, ақпарат агенттігінің мәліметтері мен тәуелсіз басылым мәліметтері. Электронды пошта қызметі жылдам хабарласуға мүмкіндік береді.. Далада, күннің астында азып тозып асық, футбол, волейбол ойнағанша, интернет арқылы әр түрлі қызықты ойындар ойнауға болады. Біздің өміріміз күнде бір жаңалықпен толығып отырады. Интернетті сол жаңалықтың ішіндегі ең озығы деуге де болар. Себебі, бір өзіне соншама ақпарды сиғызып, жан-жаққа лезде таратып тұру, әлемнің бір шетіндегі кісіні екіншісімен байланыстыру, керек болса, көзбе-көз әңгімелестіріп, бейнесін көрсету қандай жетістік десеңізші. Асыл тастан, өнер жастан-демекші, осылай жас-ұрпаққа интернетпен жұмыс жасауға, қажет мәселерін алуға жағдай жасалып отыр. Сондықтан қазіргі техника қарқынды дамыған заманда, дені сау білімді, интернеттен юар керек мағұлматын жинап, Қазақстанға өз үлесін қосатын сауаты мол ұрпақ керек! Сондықтан интернет кімге де болсын өте қажет, оның пайдасы өте зор.!

III топқа: Интернеттің зиянын түсіндіру(постермен жұмыс)

Ол үшін төменде берілген ресурстарды III топ оқушылары пайдалана отырып постермен жұмыстанады.

Қазіргі таңда интернет әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық-коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады.

Дегенмен де интернеттің жақсылықтарымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн. Интернетке қосылу үшін әрине бізге компьютер керек. Ал, әр күнін компьютер алдында өткізу денсаулыққа зиян екенін білесіздер ме? Ол адам ағзасына қауіп төндірумен қатар, сананы улаумен шектесетіні белгілі. Компьютер алдында ұзақ отырса адамның көзі, жотасы ауырады және қимыл-қозғалысына, адам психологиясына да әсер етеді. Сезімдік нерв жүйесі ауруларына шалдығады.

Интернетке жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу-баланың айналасындағы адамдармен бетпе-бет

сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы- ұлттық, адами қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар бар. Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы

Ендігі бір мәселе - Интернетке тәуелділік. Сағаттап, тіпті таңды-таңға ұрып, Интернетті қызықтайтындар да кездеседі. Бұл да бір есірткіқұмарлық, нашаға тәуелділік сияқты нышанды байқатады.

Адамның психикасына, денсаулығына кері әсер етеді.. Осындай келеңсіз, жаныңды түршіктіретін ақпараттар интернетте орын алып жатса, оның жұртшылыққа пайдасынан гөрі зияны көп емес пе?

Демек, Интернетті қажетіне қарай, шамамен пайдалана білу мәдениетін қалыптастыру да көп ойланатын дүние

Енді компьютерлік ойындарға келсек, олардың қаншалықты зиянды екенін айта кетейік. Интернеттегі онлайн ойындары атыс-шабыс, тағы басқа қантөгу, жауыздық тақырыбында болады. Осы ойындарды бала ойнап, оның психологиясына қандай жаман әсер беретінін өздерімізде білесіздер. Ұдайы ойнаған баланың миында ойынның мазмұны, әдіс-тәсілдері еніп, жаман қылық, тіпті қылмысқа да баратын болады.

Қалалы жерде ақша табу үшін компьютерлік ойындарды жарнамалап, оқушы балаларды өздеріне тарта бастап, жаман қылықтарға бағыттайды. Интернет ойындарынан басқа да өзіміздің ұлттық ойындарымыз бар, соны неге ойнамасқа? Асық ойнау, күрес, қол күресі, волейбол, футбол сияқты көп ойындар бар. Біз бөлмеде тығылып компьютерлік ойынды ойнағанша, далада таза ауа жұтып, көпшілікпен көңіл көтеріп, денемізді шынықтырып, сау болғанымызға не жетсін.

Әрине қазір заман ауқымы, талабы әр үйде компьютер, интернет желісі бар. Жаңағы өздерің айтқандай компьютерге қол жеткізбесе де ұялы телефон арқылы интернетке де шығуға болады дейсіндер. Міне, сол арқылы не бір ұятсыз көріністер көреді, интернет арқылы танысады. Мектеп жасындағы баланың сабаққа дайындалғаннан гөрі көп уақытын ұялы телефонына үңілумен өткізеді. Ол неге үңіле береді десек, әрине ол ішіне сабағын жазып алған жоқ. Небір түрлі қырғын атыс-шабыс ойынын, өзгелермен танысу, ұятты көріністер қарайды. Міне, содан барып, ол баланың өмірге көз-қарасы психологиясы өзгереді. Ұрлық-зорлық көбейеді. Жас бала еліктегіш келеді. Әр жаман затты көрген сайын, естіген сайын оның бір ұшқыны адам бойында ұялап қалмай ма? Әр нәрсе өз нормасынан асқан соң, жаманға айналады. «Сақтансаң сақтайды, сақтанбасаң сені құдай не қылады», демекші Шәкәрім атамыздың мына сөзіне тоқтала кетуді жөн көрдім:

Сақтық-деген әрқашан байқап жүрмек,

Пайда не залал ма ескерілмек,

Көргенің естігенін есепке алса,

Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.

Сондықтан интернетті меңгеруіміз керек деп, интернетті білмеген заман көшінен қалды деп, таңертеннен қара кешке дейін заман техникасымен шұғылдана бергеніміздің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасымен қатар зияны да баршылық.





Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____Оралбай А.Ш.

Тақырыбы «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес»

Сыныбы 4 «А»
Орындаған Манет Гүлзада

Тәрбие сағаты: «Діни экстремизм мен терроризмге» қарсы күрес

Сыныбы 4 «а»

Мақсаты: Діни-саяси экстремизм - діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Міне осындай қауіпті жағдайға айналған әрекеттерді оқушылардың іске асырып жаман әдеттерге елігіп кетуіне қарсы тұруды үйрету

Оқушылардың әсерін сұрау.

2. Дінге деген жастардың көзқарасы қандай?
3. Әлемдік діндерден секталардың айырмашылығы қандай?
4. Қазіргі заманда қоғамға қалай ықпал етуде?
5. Діни экстремизм деген не, оны қалай түсінеміз?
6. Діни экстремизм салдарынан әлемде нелер болып жатыр?
7. Хижап, паранжа, қысқа балақты шалбар, сақал қою мәселерін қалай түсінуге болады?

Экстремизм терминін қазақ тіліндегі мағынасын түсіндіріп кететін болсақ: Экстремизм латынның *extremus* – деген сөзінен шыққан. Ол «ең соңғы, ақырғы, төтенше» деген мағынаны білдіреді. Әрине, экстремизмнің түрлерінің бәрі – терроризм, расизм, этноцид, геноцид – бәрі де күш қолдануға сүйенген. Экстремизмнің бүгінгі таңда кең тараған түрі – терроризм. Террор – латын сөзі – қазақшаға аударғанда қорқыныш, үрей деген мағынаны білдіреді. Террорлық әрекеттің басты мақсаты қоғамда үрей, қорқыныш, әбігер туғызу, елдің тыныштығын бұзу, өзіне көпшіліктің назарын аудару арқылы өздерін үлкен саяси күш ретінде таныту болып табылады. Экстремизм бұл ілім немесе ғылым емес. Ал өмірде радикалды саяси ілімдер, саяси ұғымдар, түсініктер жиі кездеседі. Олар бірте-бірте кең етек алып, күш жинап, нақты практикалық әрекетке ұласады, яғни террорға, ұйымдасқан бандитизмге, қарақшылық қылмыс жасауға

барады. Осы бір келеңсіз жағдайлардың кесірінен қаншама бейкүнә жандар қаза табады. Адамның өмірі адам үшін ең қымбатты қазына болып саналады, осы қымбат қазынадан айыруға ешкімнің құқығы жоқ! Қазіргі кезеңде әлемде кең етек алып отырған бұл індетті материалдық қана емес, рухани мешеуліктің, адамдар бойындағы гуманистік сезімдердің тұрпайылануының салдары деп ұғынған жөн. Сондықтан да бұл ғасыр қасіретімен күресте осыны басты назарда ұстауымыз керек.

Терроризм, экстремизм, радикализм, салафизм ел арасында көптеп тараған терминдер қатарында тұр. Осы терминдерге түсінік беріп өтсек

Терминдер

Арманс:

Экстремизм деген латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, тәртіпке бағынбау, өз пікірімен ғана іс — әрекет жасаушы деген ұғымды білдіреді. Экстремизмнің пайда болуы надандыққа, көрсоқырлыққа бейімделген көзқарастардан туындайды, яғни олардың ойы «тек қана менің пікірім дұрыс, өзгенікі бұрыс дегенге саяды.

Ілияс:

Ал, «Радикализм» латынның «radix» «түбір, тамыр» деген сөзінен шыққан. Термин саясатқа қатысты пайда болған. Радикализм — қоғамда қалыптасқан әлеуметтік — саяси жүйемен келіспей, оны түбірімен қайта құруды ұсынушы саяси топтың көзқарасы. Сондай — ақ, діни радикализм тіркесі өзге де «діни фундаментализм», «діни фанатизм», «діни экстермизм» секілді лаңкестік әрекеттерге қатысты қолданыла бастады.

Диас:

Терроризм қазіргі таңда әлем індеті. Terror латын сөзі қорқыныш, үрей дегенді білдіреді.

Терроризмнің мақсаты — мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Терроризм — ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін — дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Әдина:

Терроризмнің ең қауіпті түрі — діни терроризм қауіп төніп тұр. Себебі, біздің мемлекетімізде дінге шек қойылмаған,

яғни кез — келген адам өзі қай дінге сенгісі келсе соған сенуге құқылы. Қазіргі таңда бірнеше мемлекетте заңсыз діни ұйымдар белсенді әрекет етуде. Қазақстанда соңғы кезде түрлі діни ағымдардың саны өсіп келеді. Нақты айтатын болсақ, 90 — жылдары діни ағымдардың жалпы саны 10 болса, бүгінде олардың саны шамамен 160 — тан асады.

Нұрбақыт

Айта кететін болсақ, Ахмади ағымы, Исматуллашылар тобы, Уаххабилік — діни — саяси ағым, Иегова куәлары, Таблиғи жамағат

Қоғамдағы қауіп — қатерлердің ең бастысы, халықаралық лаңкестік пен діни экстремизм екені баршаға мәлім. Осыған байланысты елімізде 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс — қимыл туралы» Заң қабылданып, бірқатар діни ағымдардың қызметіне шектеу қойылған.

7 — бап. Терроризмге қарсы іс — қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құзыреті
20 — бап. Адамдардың террористік іс — әрекетке қатысқаны үшін жауаптылығы көрсетілген

Сөз кезегі: Дін мәселері және қоғамдық байланыс жөніндегі орталықтың маманы, теолог Жетпісбаев Асан Нұрланұлына беріледі.

Қазіргі таңда қоғамдық орындарда, көшеде қысқа балақтылар мен сақалдылардың қатары көбеюде дін жолында жүрген адамдар мен теріс діни бағытта жүргендерді қалай ажыратуға болады?

Қандай адамдар діни секталарға енуі мүмкін?

Діни секталарға

- Бейтаныс нәрсеге қызығушылығы жоғары;
- Жасөспірімдік кезеңдегі дағдарыс;
- Материалдық жағдайы төмен отбасыдан шыққан адамдар;
- Өзіне деген сенімсіздік пен өмірлік қиыншылықтар алдында қорқыныш болған жағдайда;
- Тұйықтық және қоршаған ортада өзін ашық ұстай алмау кезінде енуі мүмкін.

Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады.

Бүгін бізде осы мәселенің басын ашуға сарапшыларымыз бен

қонақтарымызды ортаға шақырсақ.....

Соңғы кездері діни мәселелер ушығып, жат ағымдардың іс әрекеті ашық көріне бастады.

Кейінгі зерттеулердің Статистикалық деректерге сүйенсек, XX ғасырдың 70 — 80 жылдарында күллі дүниежүзінде 5500

— ден астам лаңкестік әрекет жасалып, төрткүл әлемде 500

— ден астам лаңкестік ұйымдар әрекет еткен екен

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____Оралбай А.Ш.

Тақырыбы: **Кітап білім-бұлағы**



Н

Сыныбы 4 «А»
Орындаған Манет Гүлзада

Сынып сағаты

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу

Ой қозғау:

1-топ: - Мектепке балалар не үшін келеді?

2-топ: - Оқу, білімді алу үшін оқушыға не керек? (Кітап)

3-топ: Кітаптың пайдасы туралы қысқаша әңгімелеп беріңдер.

Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кітап елді сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында қолданады. Одан ақыл – кеңес, тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге алады. Кітап – біздің рухани жан азығымыз.

«Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім» деп тегін айтылмаған ғой. «Өнерлі болуға тәрбиелеп, талай ғажайып істердің құпиясын ашуға көмектесетін ақылдың кені кітапқа арналады. Кітап – ғылым, ол бүкіл адам баласына ортақ. Кітап – ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап – ақылдың кені.

Кітапта алма ағашы,
Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы

Кітабыңның әр бетін,-деп Музафар Әлімбаев атамыз жырлағандай әдеби кітаптар мен оқулықтар – сендерге білім көзі, рухани қазына. Дана халқымыз «Батыр бірді жығады, білім мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек.

Кітап туралы тақпақтарын тыңдау

- Ал, балалар қандай кітап түрлерін білесіңдер?

Кітап түрлерімен таныстыру. Қызыл кітап Қазақстандағы азайып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді жазады, қазақ ертегі кітабы, арнайы оқулықтар, ұлы ғұламалардың өмір баяны туралы т.б түрлері өте көп.

Кітап арабтың “жазу” деген сөзінен шыққан. Ол тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы болып табылады. “Оқымасаң ой тоқырайды” деген сөз кітап оқымағанның ойы таяз, санасы төмен, өмірі қараңғы болатыны дәлелдейді.

Алғашқы кітаптар осыдан бірнеше жыл бұрын пайда болған. Ол біздің қолымыздағы еш ұқсамайды. Алғаш рет кітап жұмсақ балшықтан жасалған. Жұмсақ балшыққа үшкір нәрсемен жазу жазып, оны кептіріп, кейін күйдірген. Ол кәдімгі кірпіш тас сияқты болған. Бамбук өсімдігінен таяқшалар әзірлеп соған да жазған. Ежелгі Египетте

кітапты тасқа қашап жазған. Кейін жануарлардың терісінен пергамент деп аталатын материал жасалып, кітап соған жазылған. Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз XIII ғасырда пайда болды. Кітаптың шығу тарихы мыңдаған жылдар мен ғасырларды артқа тастаған.

Көрініс «Кітаптар мұңы»

- Ей, бауырым тұрсаңшы!

(Ата тілі) - Біз қайда келдік өзі?

(Қазақ тілі) – Ой, мазамды алмашы.

(Математика) - Өйткені тірлігі бар болсын. Оданда парақтарымның жыртылып желге ұшып кеткені дұрыс еді ғой?

- Не болды, не болды соншама? Жалғыз сен деймісің осындай күйге түскен.

- Ой, сен кімсің, сыртың бүп-бүтін ғой өзіңнің.

- Сыртымды қайтесің? Сыртым бүтін болғанмен ішім түтін. Ата тілімін ғой. Мені басып шығару үшін қаншама адам еңбек етті. Балалар оқысын, сауат ашсын, адам болсын деген ниет қой бәрімізде. Мен де өзімнің білімімді беруге тырыстым ғой.

- Бәрімізде сондай ниетте едік. Артықбай деген баланың қолына түстім.

- Мен ше, мен Сотқарбай деген баланың кітабымын. Ол парақтарымды жыртып алып, кептер жасап ұшырып ойнағанда, апасы да, ағасы да қой демеді ғой, шіркін!

- Е онда мұңдас болдық қой, достым. Мені де Артықбай көзімді бақырайтып қойып, суретімді, бетімді, сызып шимайлайды ғой.

- Әр оқушы өз кітапбына ұқыпты болса ғой әттең. әрине әдепті балалар көп. Мысалы менің бір досым бар. Ол екеуміз бір парталас болдық. Оқушы деп соның иесін айт! Бүлдірмек түгілі, шаң мен кір жуытпайды.

- Иә, енді алдағы күніміз не болар екен? Мүмкін, осы екеуміздің мұңымызды естіген балалар болашақта кітаптарын таза, жыртып ұстайтын шығар деп үміттенемін.

- Иә, достар кітап, қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсе екен.

Кітап туралы ой-толғаныстар

1-топ: Кітап оқымай ми толмайды, көз көрмей, көңіл тынбайды.

2-топ: Адам өледі, кітап жасарып жасай береді.

3-топ: Кітап-ең сабырлы ұстаз.

Хормен: Кітап-рухани қазынамыз

Оқушы мен кітаптың тілдесуі.

Майра: Ақыл –ойдың иесі,

(оқушы) Бар ғылымның жүйесі

Қуанышы көңілдің

Баспалдағы өмірдің

Жан азығы серігім

Ардақтамас сен кім?

Күнде өсіп көлемім
Көріктеніп келемін
Көптің тауып керегін
Кезінде айтып беремін
Бірақ білмес нарқымды
Байқап жүрмін әркімді

Әсерлемей, асырмай
Айтшы бәрін жасырмай
Жан азығым серігім
Ренжіткен сені кім?

Кітап: Нұрдәулет
Кейбіреулер ерігіп
Бос журуден зерігін
Бетімді тек ашады
Әңгімеге басады.
Жолдарымды сызады
Шырқымды да бұзады
Онымен іс бітпейді.

- Міне, балалар кітапты қалай күтіп ұстауымыз керек екен?

(Оқушылардың ойларын білу)

Таза, ұқыпты, жыртпай, сызбай, кірлетпей, күтіп ұстау керек.


Қорытындылау:

Иә, кітап – қоғамның рухани күштерін дамытудың қуатты құралы, мәдениеттің қайнар бұлағы, оның өзекті саласының бірі. Рухани мөлдірліктің, биік парасаттың, асқақ адамгершіліктің, арқалы ойдың қоймасы. Кітап арқылы біз өткенге көз жібереміз, одан қымбат мұра жинаймыз, тәжірибеге кенелеміз.

Балалар, бүгін сендер «Кітап – білім бұлағы» атты тәрбие сағатымызда кітап жайлы көп естіп білдіңдер. Енді соңында Өтебай Тұрманжанов ағаларыңның кеңесімен аяқтағым келіп тұр. Кітапты шала – шарпы оқу зиян. Шала оқысаң, оқуың бойыңа жұқпайды. Ылғи шала – пұла, тез оқуға әдеттеніп алсаң, кітап оқуға кеткен еңбегің еш болады. Сондықтан сендерге айтарым: кітапты шала оқымаңдар. Бастаған кітабыңды аяғына дейін оқитын бол. Сонда кітапқа деген қызығушылығың арта түседі. Ылғи бір мезгілде оқып үйрен. Сондықтан кітапты шала оқыма, тиянақты оқитын бол.



Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге... Абай



Кітап – білім бұлағы



Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____Оралбай А.Ш.

Тақырыбы «Ұстазым, менің ұстазым»



Сынып 4 «А»

Орындаған Манет Г

Ұстазым менің, ұстазым!

Сабақтың мақсаты: Мұғалімге тән қасиет адамгершілігі, сыпайлығы, ұқыптылығы мәлім.

Білімділік: Оқушының сөздік қорын молайту, тілін дамыту, ойын, қиялын, шығармашылығын дамыту.

Дамытушылық: Оқушыны логикаға, шапшаңдыққа, тез сөйлеуге үйрету.

Тәрбиелік: Адам еңбегін бағалай білуге үйрету, оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: пікір – талас сабақ

Сабақтың типі: ашық сабақ

Сабақтың барысы:

1 – жүргізуші: Сіңірген ойға, санаға

Сөздердің таңдап сұлуын.

Біліммен қоса балаға

Ұсынған жүрек жылуын, - дей отырып жүрегінің әр бөлігін оқушыларға арнайтын ұстаздарды төл мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Еңбектеріңіз жемісті, табыстарыңыз мол болсын!

2 – жүргізуші: Ұстаз... Ұстаздың мен үшін де, сен үшін де, бәріміз үшін де орны бөлек. Осынау өмірдегі жандардың бәрі де ұстаз алдынан түлеп ұшты.

Әлемге, еліне пайдалы, танымал тұлғаларды тәрбиелеу ұлы ұстазға байланысты деп білемін. Ұстаз адамзат баласының бойына білім атты «шаһарды» қалайды. Сондықтан, «Ұстазды атаңнан да әзіз тұт» деген мақалға жүгінген дұрыс. Ұстаздың еңбегі - ізгіліктің інжуіндей қымбат еңбек.

«Қыран құс түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» деген нақылдың өзі ұстаз – адам тағдырын шешуші тәлімгер дегенді білдіреді.

1 – жүргізуші: Дарытқан білімі үшін ұстаз деген асыл жанға мың алғыс айтсақ та жетпейді. Өйткені ұстаз еңбегі орасан зор еңбек. Сенің де, менің де, бәріміздің де өмірімізге бағыт – бағдар берген, білім нәрімен сусындатқан, өмірге кірпіш етіп қалаған ұстаздай ардақты жанды ғұмыр бойы ардақтап өтуге тиіспіз. Бұл біздің парызымыз.

1 – оқушы: Ұстаз болу мәртебелі дәреже,

Кез – келгеннің ол қолынан келе ме?
Ұстаз болу – ұлағатты ұлы есім,
Шәкірттері сүйіп өтер, сене де.
Жас ұрпаққа білім беріп шаршамай
Қиындыққа төзе білген жасымай
Ұстазым деп жыр төгеді көңілден
Ұлы адамдар өмірдегі қаншама.
Тұла бойдан шашылғандай шұғыла,
Ұстаз жүрек шәкірттерін ұғына
Күлімсіреп қарсы алады жалықпай
Үйретеді өмірдің қыр - сырына

2 – оқушы: Ұстаз сені әрбір адам бағалар,
Сенен ұшқан білім алып ағалар.
Сенен ұшқан дарынды да, дана да,
Сен арқылы мына ғалам жаңарар

3 – оқушы: Ұстаз деген – сөйлер сөздің сәні,
Ұстаз деген – осы өмірдің мәні.
Жалпы қауым тәлім алып одан
Ұстазына бас иеді бәрі!
Ұстаз деген – тәрбиеші тұлға
Білім берген ұлға және қызға
Құрметтейді сыйлап, ардақ тұтып
Шәкірттері бөле ән мен жырға

4 – оқушы: Ұстазым, асыл ардағым
Сіңірген бақыт бұлағын
Ұстаздар айтқан ақылын
Жүректен ұғып тұрамын

5 – оқушы: Арттырған шәкірт талғамын,
Ұстаздар – үміт ардағым.
Өзіңнен үміт нәрін ап
Қырандай алға самғадым.
Сөйлесе тілі балдайын
Ұстазым, гүлдей жайнадым
Көркейіп өсіп келеміз
Жапырақ жайған талдаймын.

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____Оралбай А.Ш.

Тақырыбы «Қазақстан-Отаным менің»



Сынып 4 «А»
Орындаған Манет Г

Сынып сағатының тақырыбы: Менің Отаным - Қазақстан

Мақсаты:

Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;

Дамытушылық: Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Тәрбиелік: Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы, рәміздер, авторларының суреттері, қанатты сөздер, гүлдер.

Әдісі: сұрақ - жауап, әңгімелеу, түсіндірмелі, көрнекілік

Формасы: тәрбие сағаты

Тәрбие үрдісі: Азаматтық, патриоттық және полимәдениеттік тәрбие беру.

Барысы: I Ұйымдастыру кезеңі

Оқушыларды дөңгеленте тұрғызып, қонақтарды қарсы алып, тәрбие сағатының тақырыбымен таныстырамын.

Біз бүгін «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағатын өткелі отырмыз.

- Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады екен?

- Қазақстан

- Қазақстан жері қандай?

- Қазақстан жері үлкен, әдемі, әрі бай.

- Дұрыс айтасындар, балалар, Қазақстан жері батыстан шығысқа қарай 300 000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1700 шақырымға созылып жатыр.

- Біздің еліміз - жерінің кеңдігімен қатар, табиғи байлығы да мол мемлекет. Өріс толы малы, тайдай тулаған балығы, теңіздей толқыған егіні, дала толы аң - құсы, таусылмас кен байлығы да жеткілікті, мол.

- Осы айтылған ойларымыздың дұрыстығына көз жеткізу үшін қазір мынадай өлең шумақтарын тыңдап көрсек.

Сүйемін мен Отанымды,
Гүл жайнаған жерімді.
Сүйемін мен ата - анамды,
Мені өсірген елімді.:
Отан деген - Атамекен,
Отан деген - туған жер.
Отан - ана, Отан - пана,
Қазақстан - туған ел.

Отанды біз Атамекен,
Деп аялап айтамыз.
Өйткені оны мекен еткен
Бабамыз бен атамыз.

Отанды жас - кәріміз де,
Туған жер деп сүйеміз.
Өйткені онда бәріміз де,
Туып, өмір сүреміз.

Отан - менің өзегім,
Қиының болса төземін.
Алдағы бақыт шақтарды,
Жүрегіммен сеземін.

Отаным - менің өзегім,
Қырыңды шарлап, кеземін.
Білу керек әр ұрпақ,
Бес саусақтай өз елін.

Отаным - мәңгі қорғаным,
Қалаймын бақыт қонғанын.
Сүйемін және сондықтан,
Өзенін, көлін, орманын.

Аружан:
Бақытты боп жүргенім,
Сенің арқаң, Ұлы Отан.
Елім менің тірегім,
Құшағыңда гүл атам.

Таңшолпан:

Ата, Әжем, Әкем, анам -
Төртеуі де «Отан!» маған
Төртеуі де «Ботам» дейді
«Ер азамат атан!» дейді
Мақтанамын Отаныммен,
Отаныма «Ботамын»мен

Отан дегеніміз - адамның туып өскен жері, туған - туыскандарымен,
жақындарымен бірге тұратын ата мекені. Қазақ елінде тұратын
адамдардың Отаны - Қазақстан Республикасы.

Қазақстан - Туымен тұғырлы,
Елтаңбасымен еңселі,
Әнұранымен айбатты.

Мұғалім:- Балалар, 1992 жылы 4 маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер
- Елтаңба, Ту бекітілді. Міне, бүгінгі таңда Қазақстан өз алдына
Тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің Туымыз, Елтаңбамыз,
Әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстанбыз.





Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____Оралбай А.Ш.

Тақырыбы «Отбасым ата-анам және мен»



Сынып 4 «А»
Орындаған Манет Г

Тақырыбы: Мен және менің отбасым.

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынастың маңыздылығын, отбасындағы құнды дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығын айқындату.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, суреттер, «отбасы ағашы», оқушылардың шығармалары

II. «Топтастыру» стратегиясы.

I топ. Айым. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер?

II топ. Күнім. Отбасына қатысты туыстық атауларды жаз.

III топ. Жаным. Отбасындағы жарасым бірін-бірі сыйлайтын, түсінетін, бір-біріне қамқор болу үлкендерге де, кішіге де байланысты екен. Онда осы жарасымды күшейтетін «Отбасы ережесін» құрыңдар.

«Айым болып тудың ба?» әні орындалып тұрады. Топ жұмысын қорғайды.

Мұғалімнің сөзі:

Ертеде ата-бабаларымыз киіз үй ортасында от жағатын, оны ошақ деп атаған. Бүкіл отбасы мүшелері от басына жиналып әңгімелесіп, ас ішіп отыратын. Сол кезден бір үйде тұратын жақын туысқандарды отбасы деп атайды. Отбасы дегеніміз бір үйде тұратын ең жақын туыс адамдар. Оларды отбасы мүшелері дейміз.

III. «Текті білу тегін емес, өзінді танығың келсе, тегінді біл» деген халық даналығы тегін айтылмаса керек. Осы мақсатта мен Томириске тапсырма берген болатынмын. («Менің ата-тегім» отбасы ағашын қорғауы.)

IV. Мақал – мәтелдің жалғасын тап.

Отбасы – адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Балапан қыран болу үшін, оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болуы керек» деп отбасылық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген.

Отбасы туралы мақал-мәтелдердің жалғасын табыңдар.

Ата – асқар тау,

Ана – бауырындағы бұлақ,

Бала – жағасындағы құрақ.

Ұлың – қымбат,

Немерең – ыстық.

Әке көрген оқ жонар,

Шеше көрген тон пішер

Ата – бәйтерек,

Бала – жапырақ.

Балалы үйдің еңсесі биік.

Ұлы бар үйде қуат бар,

Қызы бар үйде шуақ бар.

V. Поэзия минуты.

Әр отбасында ата-ананың орын бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке – шаңырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер-азаматқа жүктеледі. Әйел – отбасының ұйытқысы. Баланы өсіріп тәрбиелеу - әйел – ананың тікелей міндеті.

Балалардың отбасы туралы жыр шумақтарын оқуы.

-Қандай жыр жолдарын арнағыларың келеді? «Ана» өлеңі

Ана – аяулы жан. Ана – сабырлылығымен, кешірімділігімен, сыпайылығымен үй ішіне береке әкеліп, шаңырақ бақытын орнататын адам.

«Әке» өлеңі

Әке деген-биік шыңы адамның,

Әке деген-тірегі ғой ғаламның.

Әке деген-бойыңда аққан қаның да,

Шыққан тегің, ол-негізің, жаның да.

Не десенде әке жолы бір бөлек,

Қайда жүрсең қолтығыңнан тұр демеп.

«Әке – асқар тау» деген сөз тектен-текке айтылмаған. Әке – отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы.

VI. Оқушылар шығармашылығынан тұратын «Менің отбасымның тарихы» тақырыбындағы шығармаларын оқу.

-Балалар, мен сендерге үйге тапсырма берген болатынмын. Шығарма жазып келдіңдер. Солардан оқып берсем.

VII. Ойын: «Біз екеуіміз бірге...»

Бұл ойында бала ата-анасымен бірге үнемі не істейтіндерін жазуы тиіс. Мысалы: біз екеуміз бірге сабақ оқимыз, біз екеуміз бірге сурет саламыз, біз екеуміз бірге ойнаймыз т.б.

VIII. Оқушыларға арналған жағдайларды талдау:

Ата-ананды мектепке шақырса үнемі келмейді, сол үшін ұстазың саған

ренжиді. Осындай жағдайда сен не істейсің?

Сенің досың – шамалы бұзықтау бала. Бұған ата-анаң «Досына қарап өзін таны» деп, мына жолдасың маған ұнамайды, онымен бірге жүруді қой деді. Не істер едің?

Анаң жұмысқа кетер алдында «Балам, менің бүгін жұмыстағы ең ауыр күнім, кешігіп келемін. Ал сен мен келгенше үйді жинастырып, шай тамағымды дайындап қой.»— деп кетті. Сен болсаң кешке дейін далада ойнап, дәл анаң келер уақыттан 15 минут бұрын ғана үйге кірдің. Ешнәрсеге үлгере алмадың. Осы кезде есіктің қоңырауы соғылды. Не істейсің?

IX. «Менің отбасымдағы дәстүрлер» топтастыру.

Бауырласқан жанымыз

Бұзылмаған салтымыз.

Кең даланың ежелгі

Қазақ деген халқымыз.

Өзге ұлттай біздің де

Бар дәстүр мен салтымыз, - дегендей әр отбасында жақсы дәстүрлер сақталған. Соларды топтастырып жазсаңдар.

X. Қорытынды.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрдің сақтаушысы. Адам баласы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді.

Тақтадағы алтын түстес ағашқа әр оқушы отбасы туралы түйін сөздерін немесе отбасын қалай жақсы көретіндіктерін, отбасын қалай құрметтейтіндіктерін бір-бір сөз арқылы алтын жапырақтарға жазып іледі. Яғни, «Отбасы – алтын діңгек» екенін дәлелдейді.

Отбасы – адам баласының түп қазығы, алтын ұясы, алтын діңгегі.



